

«Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің қызметін ұйымдастыру тәртібі туралы ережелерге», құрылтайшы шартына және осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

3.2. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс барысындағы қызметінің мәні - окушыларға бастауыш, жалпы негізгі және жалпы орта білім беру болып табылады. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаты болып табылады: баршаның сапалы білім алуға құқықтарының тенденциясы, білім беру жүйесін дамытудың басымдығы, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі, білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі мен деңсаулығының, жеке адамның еркін дамуының басымдығы, адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, жеке адамның білімдарлығын ынталандыру және дарындылығын дамыту, білім беру деңгейлерінің сабактастығын камтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі, окушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту.

3.3. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі зандарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органының не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстардың ұйымдық құрылымдарын ашуға жол берілмейді.

3.4. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті енбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке экеледі.

#### **4. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің негізгі міндеттері**

4.1. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің негізгі міндеттері:

- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шындауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту;
- азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны - Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат кез келген көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;
- белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне катысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;
- отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу; қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдеб-ғұрпты мен дәстүрлерін зерделеу; мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін менгерту, окушыларға кәсіптік бағдарлауды қамтамасыз етіп, кәсіптік енбек түрін саналы түрде таңдауға жағдай жасау болып